

**«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»  
мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары**

**Көрсетілетін қызметті алушының ата-аналары (заңды өкілдері) жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі:**

1) құжатты жоғалтқан немесе бүлдірген кәмелетке толмаған баланың білім алушысының немесе ата-анасының (заңды өкілінің) білім беру ұйымы басшысының атына берген өтініші;

2) білім алушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі (паспорты) және (немесе) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) білімі туралы құжаттың Тегі (Аты, Әкесінің аты (бар болса) өзгерген және (немесе) бүлінген кезде білімі туралы құжаттың түпнұсқасы қоса беріледі.

Немесе

**Порталға:** ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған білім беру ұйымы басшысының атына электрондық құжат нысанындағы өтініш.

**Құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:**

Телнұсқа өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күнінен кешіктірілмей тегін негізде беріледі.

**Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:**

Негізгі орта білім туралы құжаттың телнұсқасы немесе бас тарту туралы дәлелді жауап.

**Мемлекеттік қызмет** жеке тұлғаларға дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін **тегін** көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары 8(7152)-32-03-55.